



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің біріккен әуе қорғанысы жүйесін құру мен жетілдіру жөніндегі нормативтік құжаттар туралы шешімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 6-II

Мәскеуде 1996 жылғы 12 сәуірде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің біріккен әуе қорғанысы жүйесін құру мен жетілдіру жөніндегі нормативтік құжаттар туралы шешім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру жөніндегі нормативтік құжаттар туралы

Шешім

Ресми түрде

куәландырылған мәтін

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының Кеңесі "Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру мүддесі үшін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, кедендей және басқа жеңілдіктерді беру жөніндегі ұсыныстарды қаржыландыру тәртібі мен әзірлеу туралы" 1995 жылғы З қарашадағы Шешімге сәйкес төмендегілерді шешті:

Мыналар бекітілсін:

а) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесі жаңындағы әуе қорғанысы мәселелері жөніндегі үйлестіру комитетін жыл сайын қаржылай жоспарлау, құруды, қалпына келтіру мен жетілдіруді қаржыландыру туралы Ереже (1 қосымша);

б) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру үшін қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдар тапсырыстарын орналастыру мен орындау тәртібі туралы Ереже (2 қосымша);

в) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіруде кедендік және басқа жеңілдіктерді беру, қару-жарақты, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды тарифтік емес шектеулерден босату туралы Ереже (3 қосымша).

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру туралы Келісімге қатысушы-мемлекеттерге тиісті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаннан кейін өздерінің ұлттық заңдарын жоғарыда аталған бекітілген ережелерімен сәйкес келтіру ұсынылсын.

3. Осы Шешім оған қол қойылған күннен бастап, ал бұл қажет

мемлекеттер үшін тараптардың олардың тиісті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны туралы жазбаша мәлімдемелерінен кейін күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 1996 жылдың 12 сәуіріне бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Шешімге қол қойған әрбір мемлекетке оның мөр басып куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады.

Әзіrbайжан Республикасының Молдова Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін Түркменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Украина Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

1 Қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін құру
мен жетілдіру жөніндегі нормативтік
құжаттар туралы Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығы үкімет
басшылары Кеңесінің 1996 жылғы
12 сәуірдегі шешімімен бекітілген

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесі
жанындағы әуе қорғанысы мәселелері жөніндегі Үйлестіру Комитетін
жыл сайын қаржылай жоспарлау, құруды, қалпына келтіру мен
жетілдіруді қаржыландыру туралы

Ереже

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру мүддесі үшін қаржыландыру тәртібі
мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету, кедендік және басқа жеңілдіктерді беру
жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу туралы" (ТМД ӘҚ БЖ) Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы үкімет басшылары Кеңесінің 1995 жылғы 3 қарашадағы Шешімі негізінде

жасалды. Ол "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы бірікken жүйесін құру туралы" (бұдан былай - Келісімге қатысушы-мемлекеттер) 1995 жылғы 10 ақпандағы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біrіkken жүйесін жыл сайын қаржылай жоспарлау, құруды, қалпына келтіру мен жетілдіруді қаржыландыру және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесінің жаңындағы әуе қорғанысы мәселелері жөніндегі Үйлестіру Комитетінің (бұдан былай - ТМД ӘК, жөніндегі Үйлестіру Комитеті) қызметін қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Келісімге қатысушы-мемлекеттердің бюджеттерінен қаржыландыру тиісті жалпы бағдарламалар немесе жобаларды іске асырудағы мүдделі тараптардың шарттары негізінде жалпы бағдарламалар мен жобаларға тікелей қаражаттың бөлінуімен жүзеге асырылады.

Әуе қорғанысын жетілдірудің негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі жұмыстардың өздеріне қатысты бөліктерін қаржыландыруды әрбір мемлекет өз күшімен жүзеге асырады.

3. Жалпы бағдарламалар мен жобалар дегенде ТМД ӘК БЖ құру мен жетілдіру жөніндегі Келісімге қатысушы-мемлекеттердің бірлескен шаралары түсініледі.

4. Жұмыстардың өздеріне қатысты бөлігі дегенде ӘК ұлттық жүйелерін құру мен жетілдіру жоспарларын іске асыру жөніндегі шаралар түсініледі.

5. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесінің (ТМД ӘК жөніндегі Комитетінің) ұсынысы бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының Кеңесімен бекітілетін ТМД ӘК БЖ құру мен дамытуға қаражат бөлудің жыл сайынғы Жоспары қаржыландыруға негіз болып табылады.

6. ТМД ӘК БЖ құру мен дамытуға қаражат бөлу Жоспары бойынша ақшаны бөлуді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының Кеңесі немесе Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитетінің кезекті бекітуімен ТМД ӘК БЖ жөніндегі Үйлестіру Комитеті жүзеге асырады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесі жаңындағы әуе қорғанысы мәселелері жөніндегі Үйлестіру Комитетінің тәрағасы қаражаттың уәкілетті реттеушісі болып табылады. Түсіп тұратын ақшалай қаражат Ресей Федерациясының Орталық банкісінде белгіленген тәртіппен ашылатын ағымдағы есепте болады.

7. Келісімге қатысушы-мемлекеттер ТМД ӘК БЖ құру мен дамыту мүддесі үшін қару жарақ пен әскери техниканы (К және ӘТ) шығару мен алып келуді Әскери мақсаттағы атқарылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулерді тарифтік емес шектеулердің (реттеулердің), шараларын қолданусыз, кедендік алымдар мен төлемдерсіз, кедендік шекаралар мен Келісімге қатысушы-мемлекеттердің аумағында

транзит бостандығы қағидасын сақтай отырып жүзеге асырады.

8. ТМД ӘҚ БЖ үшін қару-жарапты, әскери техниканы және басқа материалдық құралдарды жеткізіп тұру, жөндеу, техникалық алып жүру жұмыстар өндірісі және әскери мақсаттағы қызмет көрсетулерді ұсынуды Келісімге қатысушы-мемлекеттер келісілген, оның ішінде ішкі мемлекеттік бағалар мен тарифтер бойынша жүзеге асырады.

9. ТМД ӘҚ БЖ-ны құру және дамыту жөніндегі жалпы бағдарламалар мен жобаларды орындауға байланысты жұмыстардың құпиялыш дәрежесі ТМД ӘҚ жөніндегі үйлестіру комитетінің шешімімен айқындалады және қаржы-өндірістік қарым-қатынастардағы субъектілер үшін міндетті болып табылады.

10. ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру Комитеті ТМД ӘҚ БЖ үшін жалпы бағдарламалар мен жобалардың тапсырушысы болып табылады.

ТМД ӘҚ БЖ үшін жеке жұмыстар бөлігіндегі қару-жарап, әскери техника мен басқа да материалдық құралдар тапсырысын Келісімге қатысушы-мемлекеттері қорғаныс министрліктерінің тапсырыс берушілері жүзеге асырады.

Қаржылай жоспарлау

11. ТМД ӘҚ БЖ-ны құру және жетілдіру жөніндегі жалпы бағдарламалармен және жобалармен көзделмеген қару-жарап пен әскери техниканы жөндеу шығыстарын жоспарлау тәртібі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары Кеңесінің 1994 жылғы 9 қыркүйектегі "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің қару-жарапы мен әскери техникасын жөндеу туралы Шешімімен сәйкес кедендей және басқа салық түріндегі женілдіктерді беруді ескере отырып жүзеге асырылады.

12. ТМД ӘҚ БЖ-ның бірлескен шараларын өткізу жоспары мен оның шығыс сметасын ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитеті өзірлейді және Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесінің бекітуіне ұсынылады. Аталған жоспарда ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитетінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделген.

13. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі Мемлекетаралық комиссиясымен келісілген жалпы бағдарламалар мен жобаларға қатысатын Келісімге қатысушы-мемлекеттер тиісті тапсырушылар арқылы "Граниттің Мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіптік тобымен ("Граниттің" МҚӨТ) ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитетіне ұсынылатын тиісті бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін шарттар (келісімдер) жасасады.

Қаржыландыру

14. Жалпы бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруды оны іске асыруға мүдделі Келісімге қатысушы-мемлекеттер жүргізеді.

Әрбір бағдарлама мен жоба үшін тікелей төлем мөлшері белгіленеді.

15. Жалпы бағдарламалар мен жобаларға арналған төлемдерді мүдделі Келісімге қатысушы мемлекеттер осы бағдарламаларды іске асыру жөніндегі шешімдерде белгіленген мерзімдерде ТМД ӘҚ БЖ-ның қаржы реттеушісі есебіне аударады.

16. ТМД ӘҚ БЖ-ны құру және дамыту жөніндегі жалпы бағдарламалар мен жобаларға, сондай-ақ ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитетінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған қаражатты пайдалану туралы қаржылық есепті оның төрағасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының Кеңесіне бекітуге ұсынады.

17. ТМД ӘҚ БЖ-ны құру және дамыту жөнінде бекітілген Жоспарларды іске асыру шарттық міндеттемелерін бұзу жөніндегі жауапкершілік қаржы-өндірістік қатынастардың субъектілері арасындағы шарттарда (келісімдерде) белгіленеді. Тараптардың міндеттемелерді орындауына немесе тиісті түрде орындауына байланысты даулар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотында шешіледі (оның мәртебесі туралы Келісімге қол қойған мемлекеттер үшін).

18. Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу, жаңғырту, сондай-ақ ТМД ӘҚ БЖ-ның әскери техникасы мен қару-жарағын қалпына келтіруге көмек көрсету жауынгерлік даярлықта ұстау пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды қаржыландыруды (мамандар мен техниканы тасымалдауды қоса) "Граниттің" МҚӘТ-мен жасасқан шарттар (келісімдер) негізінде Келісімге қатысушы-мемлекеттер жүзеге асырады.

ТМД ӘҚ БЖ-ны құру мен дамытуға қаражат бөлудің жыл сайынғы жоспарында көзделмеген ТМД ӘҚ БЖ-ның әскери техникасы мен қару-жарағының жауынгерлік даярлығын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру "Граниттің" МҚӘТ-нің Келісімге қатысушы-мемлекеттер қорғаныс министрліктерінің тапсырыс берушілерімен жасалған шарттарда белгіленетін тәртіп бойынша Келісімге қатысушы-мемлекеттердің бюджеттік қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

19. ТМД ӘҚ БЖ үшін жаңа қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗЖ және ТКЖ) қаржыландыруды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының Кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мүдделі мемлекеттер жүзеге асырады. Нақты бағдарламаларға қаражат бөлу осы Ереженің 15-тармағына сәйкес әзірлеуші-мемлекетке қаржы аудару арқылы жүзеге асырылады.

20. Бірлескен жедел оқу-жаттығуларын, оқу-әдістемелік жиындарды қаржыландыруды ТМД ӘҚ БЖ-ның бірлескен шараларын өткізу Жоспарын және Келісімге қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысының қатысу дәрежесін ескере отырып,

Келісімге қатысушы мүдделі мемлекеттер жүзеге асырады.

21. Эскери-оқу орындарында және ӘҚ оқу орталықтарында әскери

мамандарды оқыту Келісімге қатысушы-мемлекеттердің ӘҚ полигондарында ТМД ӘҚ БЖ-ның жауынгерлік топтарын оқыту жөніндегі шығыстарды қаржыландыруды әрбір мемлекет шарттық негізде өз күшімен жүзеге асырады.

22. ТМД ӘҚ БЖ-ның құрамына бөлінген әскерлерді ұстау жөніндегі шығыстарды қаржыландыру Келісімге қатысушы-мемлекеттердің өз күшімен жүзеге асырылады.

23. ТМД ӘҚ БЖ үшін жалпы бағдарламалар шенберінде ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитетінің жұмысын қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды қаржыландыруды Келісімге қатысушы мүдделі мемлекеттер жүзеге асырады.

24. Келісімге қатысушы-мемлекеттер бөлгөн қаражаттың келіп тұсуі мен жұмсалуына қаржылай бақылау жасауды қаржы қатынастарының субъектілері жүзеге асырады.

2 Қосымша

1996 жылғы 12 сәуірдегі
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін құру
мен жетілдіру жөніндегі нормативтік
құжаттар туралы Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығы үкімет
басшылары Кеңесінің Шешімімен
бекітілген

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру үшін қару-жарақ,
әскери техника мен басқа да материалдық құралдар тапсырыстарын

орналастыру және орындау тәртібі туралы

Ереже

1. Осы Ереже 1995 жылғы 3 қарашадағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру мүддесі

үшін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, кедендік және басқа да жеңілдіктерді беру жөніндегі ұсыныстарды қаржыландыру тәртібі мен әзірлеу туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары Кеңесінің Шешіміне сәйкес әзірленді.

2. 1995 жылғы 10 ақпандағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру туралы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің (бұдан былай - Келісімге қатысушы-мемлекеттер) бюджеттік қаржысы есебінен бөлінетін қаржы қаржыландыру көзі болып табылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін (бұдан былай - ТМД ӘҚ БЖ) құру үшін қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдар тапсырыстарын қаржыландыру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесі жанындағы әуе қорғанысы мәселелері жөніндегі Үйлестіру комитетін (бұдан былай - ТМД ӘҚ БЖ ҮК) жыл сайын қаржылай жоспарлау, құруды, қалпына келтіру мен жетілдіруді қаржыландыру туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдар тапсырысы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының Кеңесі бекіткен ТМД ӘҚ БЖ-ны құру және дамытуға қаражат бөлу Жоспарының негізінде жүргізіледі.

Өз атынан оның төрағасы өкілеттік ететін ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитеті ТМД ӘҚ БЖ үшін жалпы бағдарламалар мен жобалардың тапсырыс берушісі болып табылады.

ТМД ӘҚ БЖ үшін Келісімге қатысушы-мемлекеттердің кәсіпорындарында жасалатын қару-жарақ пен әскери техника жөніндегі Келісімге қатысушы-мемлекеттердің мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын қалыптастыру белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

ТМД ӘҚ БЖ үшін жеке жұмыстар бөлігіндегі қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдар тапсырысын Келісімге қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктерінің тапсырыс берушілері жүзеге асырады.

4. ТМД ӘҚ БЖ жөніндегі Үйлестіру комитеті жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 наурызына дейін Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің Қару-жарақ бастығына Достастықтың үкімет басшылары Кеңесі бекіткен ТМД ӘҚ БЖ-ны құру және дамытуға қаражат бөлу Жоспарын жібереді, ал Келісімге қатысушы-мемлекеттердің кәсіпорындарында жасалатын қару-жарақ пен әскери техника тізбесі жөніндегі оның көшірмесі мемлекеттік қорғаныс тапсырыстары мен бюджеттік тапсырысқа оларды кейіннен енгізу үшін осы мемлекеттердің қорғаныс министрліктеріне жіберіледі.

5. Келісімге қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктері ТМД ӘҚ БЖ үшін қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдардың тізбесі жөніндегі

мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарының көшірмесін оларды "Граниттің" Мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіптік тобына жеткізетін (бұдан байлай - "Граниттің" МҚӨТ) ТМД ӘК жөніндегі Үйлестіру комитетіне жібереді.

6. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссиясымен келісілген жалпы бағдарламалар мен жобаларға қатысадын Келісімге қатысушы-мемлекеттер "Граниттің" Мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіптік тобымен ("Граниттің" МҚӨТ) ТМД ӘК жөніндегі Үйлестіру комитетіне ұсынылатын тиісті бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін шарттар (келісімдер) жасасады.

7. Келісімге қатысушы-мемлекеттер қорғаныс министрліктерінің тапсырыс беруші басқармалары ТМД ӘК БЖ-ны құру мен дамытуға қаражат бөлу Жоспары және Келісімге қатысушы-мемлекеттердің мемлекеттік қорғаныс тапсырыстары негізінде "Граниттің" МҚӨТ-мен бірлесе отырып ТМД ӘК БЖ үшін қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды әзірлеу мен жеткізіп тұру жөнінде шарттар жасасады.

8. Қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарға тапсырыс берушілер мен жеткізіп тұрушылар арасындағы өзара қарым-қатынастар әскери ұйымдар үшін өнімдерді жеткізіп тұру жөніндегі қолданылып жүрген құжаттар, сондай-ақ Келісімге қатысушы-мемлекеттер қабылдаған құқықтық және нормативтік құжаттар негізінде реттеледі.

Тапсырыс берушілер шарттардың дер кезінде және дұрыс жасалуы мен орындалуына, сондай-ақ олар бойынша төлемдердің уақытылы жүргізілуіне бақылау жасауға міндетті.

9. ТМД ӘК БЖ үшін қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық шарттарға сәйкес және қолданылып жүрген стандарттар бойынша жүргізіледі. ТМД ӘК БЖ үшін Келісімге қатысушы-мемлекеттердің кәсіпорындарында жасалатын қару-жарақ пен әскери техниканы қабылдауды осы мемлекеттердің қорғаныс министрліктерінің әскери өкілдіктері жүргізеді.

ТМД ӘК БЖ үшін Келісімге қатысушы-мемлекеттер жеткізіп тұратын қару-жараққа, әскери техника мен жинақтаушы үйімдердің шарттарға сәйкес кепілдік мерзімі белгіленеді.

10. Қару-жарақ пен әскери техникаға тапсырыс берушілер ТМД ӘК БЖ үшін дайын өнімдер бойынша есеп айырысуды жасалған шарттарға сәйкес жеткізіп тұрушылардың есептерін төлеу жолымен жүргізеді.

11. ТМД ӘК жөніндегі Үйлестіру комитеті ТМД ӘК БЖ-ны құру және дамытуға қаражат бөлу Жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету және жасалатын шарттарды сөзсіз орындау мақсатында ТМД ӘК БЖ үшін қару-жарақ пен әскери техниканың әзірлеуші-кәсіпорындарға алдын ала төлем беру көлемін анықтайды.

12. Келісімге қатысушы-мемлекеттердің кәсіпорындары ТМД ӘҚ БЖ үшін қару-жарақ пен әскери техника өндірісін қамтамасыз етуге арнайы жинақтаушы бұйымдарды өзара жеткізіп тұруды:

бас әзірлеуші-кәсіпорындармен шарттар жасасу;

"Граниттің" МҚӨТ-нің арнайы жинақтаушы бұйымдарды әзірлеуші-кәсіпорындармен жасасқан және тапсырыс берушілермен келісілген тікелей шарттар жасасу жолымен жүргізеді.

13. "ТМД ӘҚ БЖ үшін" деген бұйымның арналу мәртебесін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрлері Кеңесі Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитетімен бірлесе отырып белгілейді. Келісімге қатысушы-мемлекеттердің шекаралары арқылы ТМД ӘҚ БЖ үшін қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды кедендік ресімдеу мен тасу тәртібі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру және жетілдіру кезінде кедендік әрі басқа да женілдіктерді беру және қару-жарақты, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды тарифтік емес шектеулерден босату туралы Ережемен белгіленеді.

14. Келісімге қатысушы-мемлекеттер ТМД ӘҚ БЖ үшін жеткізіліп тұратын қару-жарақ пен әскери техниканы қайта экспорттауға, сондай-ақ ол туралы ТМД ӘҚ жөніндегі Үйлестіру комитетінің жазбаша келісімінсіз осы Келісімге қатыспайтын мемлекеттерге техникалық ақпаратты хабарлауға құқы жоқ.

15. Келісімнен шығатын қатысушы-мемлекеттер жекелеген Келісіммен белгіленген тәртіп бойынша ТМД ӘҚ БЖ-ны қалпына келтіру мен жетілдіруге көмек көрсету жөніндегі Келісімге қатысушы-мемлекеттердің шығындарының орнын толтырады.

3 Қосымша

1996 жылғы 12 сәуірдегі
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін құру
және жетілдіру жөніндегі
нормативтік құжаттар туралы
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
үкімет басшылары Кеңесінің
Шешімімен бекітілген

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің
әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру және жетілдіру кезінде
кедендік және басқа жеңілдіктерді беру және қару-жарап, әскери
техника мен басқа да материалдық құралдарды тарифтік емес
шектеулерден босату туралы

Ереже

1. 1995 жылғы 10 ақпандағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру туралы" Келісімге
қатысушы-мемлекеттер (бұдан әрі қарай - Келісімге қатысушы-мемлекеттер) Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесі
(ТМД ӘҚ БЖ) мұддесінде қолданылатын (орындалатын) әскери мақсаттағы өнімдер,
атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Тізбесіне сәйкес (бұдан әрі қарай -
Тізбе, осы Ережеге қосымша) әскери мақсаттағы қару-жарапты, әскери техниканы,
материалдық-техникалық және көлік құралдарын, атқарылатын жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтерді жеткізіп тұруға жеңілдіктер беруге кепілдік береді.

2. Келісімге қатысушы-мемлекеттер Тізбеге сәйкес әскери мақсаттағы өнімдерді,
атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алып келу мен шығаруды
Келісімге қатысушы-мемлекеттердің кеден шекаралары мен аумақтарында транзит
бостандығы қағидасын сақтай отырып, тарифтік емес шектеулер (реттеу), кеден
алымдары мен төлемдері шараларын қолданбай-ақ жүзеге асырады.

3. Келісімге қатысушы-мемлекеттер ТМД ӘҚ БЖ-ның мұддесі үшін
кәсіпорындарда өндірілген әскери мақсаттағы өнімдерді, атқарылатын жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтерді қосылған құнға салынатын салықтан, арнайы салықтан және
түсken пайдаға салынатын салықтан босатады.

4. Тізбеге сәйкес ТМД ӘҚ БЖ үшін әскери мақсаттағы қару-жарапты, әскери
техниканы, материалдық-техникалық және көлік құралдарын, атқарылатын жұмыстар
мен көрсетілетін қызметтерді жеткізіп тұру 1995 жылғы 3 қарашадағы "Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін
құру және жетілдіруде көмек көрсету туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ұқімет басшылары Кеңесінің Шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Келісімге қатысушы-мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдары үшін кедендік

және басқа да жеңілдіктерді беру, ТМД ӘҚ БЖ-ны құру мен жетілдіру үшін жеткізіліп тұратын қару-жарапты, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды тарифтік емес шектеулерден босатуға осы Ереженің

негізінде жасалған Келісімге қатысуышы-мемлекеттердің нормативтік құжаттары, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы-мемлекеттердің қорғаныс министрлері Кеңесі жаңындағы Әуе қорғанысы мәселелері жөніндегі Үйлестіру комитетімен келісілген қаржы-өндірістік қатынастар субъектілері арасындағы шарттар негіз болып табылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысуышы-мемлекеттердің әуе қорғанысы
біріккен жүйесін құру мен жетілдіру
кезінде кедендей және басқа да жеңілдіктерді
беру және қару-жарапты, әскери техника мен
басқа да материалдық құралдарды тарифтік
емес шектеулерден босату туралы
Ережеге қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы-мемлекеттердің
әуе қорғанысы біріккен жүйесі мұддесінде қолданылатын (орындалатын)
әскери мақсаттағы өнімдердің, атқарылған жұмыстар мен көрсетілген
қызметтердің
Тізбесі

Санаты ! Өнімдер, атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

1. Зениттік ракеталық жүйелер мен кешендер, зениттік басқарылатын ракеталар мен ұрыс іс-қимылдарын жүргізуге арналған осындағы құралдар
 - 1.1 2 санаттағы тауарларға ҚЖКЖ топтық және жөндеу жиынтықтары
 - 1.2 2 санаттағы тауарларға қосымша және тыл арнайы мүліктері, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдар
 - 1.3 2, 2.1, 2.2 санаттағы тауарларға техникалық (нормативтік-техникалық, конструкторлық, технологиялық, бағдарламалық) құжаттама.

- 1.4 2, 2.1, 2.2, 2.3 санаттағы тауарларға қатысты Тапсырыс берушінің мүддесі үшін орындалған әскери мақсаттағы атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.
- 1.5 Әскери-жөндеу кәсіпорындарында қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу және жасау
-

- 2 Әскери мақсаттағы басқарудың автоматтандырылған жүйелері (автоматтандыру құралдарының кешендері), радиолокациялық, радионавигациялық аппараттар, дистанциялық басқару радио, аппаратурасы және әуе жағдайына радиолокациялық бақылау жасау құралдары (табу радиолокациялық станциялары)
- 2.1 3 санаттағы тауарларға ҚЖКЖ топтық және жөндеу жиынтықтары
- 2.2 3 санаттағы тауарларға қосымша және тыл арнайы мүліктері, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдар
- 2.3 3, 3.1, 3.2 санаттағы тауарларға техникалық (нормативтік-техникалық, конструкторлық, технологиялық, бағдарламалық) құжаттама.
- 2.4 3, 3.1, 3.2, 3.3 санаттағы тауарларға қатысты Тапсырыс берушінің мүддесі үшін орындалатын әскери мақсаттағы атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.
- 2.5 Әскери-жөндеу кәсіпорындарында қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу және жасау.
-

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен жетілдіру жөніндегі нормативтік құжаттар туралы" жобаға Грузияның Ерекше пікірі

Грузия Шешімге ескертумен қол қойды:
"Грузияның ұлттық зандарын ескере отырып"
Грузияның ӘҚ жүйесін жетілдіру жөніндегі жекелеген мәселелер Ресей Федерациясымен екі жақты негізде шешіледі.

Грузияның Мемлекеттік
министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-
мемлекеттердің әуе қорғанысы біріккен жүйесін құру мен
жетілдіру жөніндегі нормативтік құжаттар туралы Шешімге
Украинаның ескертпелері

- "1. Шешімнің 2 және 3 тармақтарын, сондай-ақ "біріккен" сөзін Шешім
мен Ереженің бүкіл мәтіні бойынша алып тастау.
2. Шешім Украина үшін оны Украина Парламенті бекіткеннен кейін күшіне
енеді.

3. Украина ұлттық зандарын ескере отырып оның әлеуетін жоспарларды

іске асыруда пайдаланған жағдайда тек нақты бағдарламаларды қаржыландыруға
қатысатын болады".

12 сәуір 1996 жыл.

Ұсынылған мәтін 1996 жылғы 12 сәуірде Мәскеу қаласында болып өткен
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары Кеңесінің отырысында
қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әуе
қорғанысы біріккен жүйесін құру және жетілдіру жөніндегі нормативтік
құжаттар туралы Шешімнің түпнұсқасының көшірмесі болып табылатынын
куәландырамын. Жоғарыда аталған Шешімнің түпнұсқа данасы Тәуеліз
Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Атқарушы хатшысының
бірінші орынбасары

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК